

Бозой ауылының кейбір көшелеріне атау беру және қайта атау туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Бозой ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 3 қарашадағы № 38 шешімі. Ақтөбе облысы Шалқар аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 14 желтоқсанда № 3-13-163 тіркелді

Бозой ауылының кейбір көшелеріне атау беру және қайта атау туралы

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Бозой ауылдық округі әкімінің 10.01.2022 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтіні бойынша "селосының", "селолық" сөздері тиісінше "ауылының", "ауылдық" сөздерімен ауыстырылды – Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Бозой ауылдық округі әкімінің 07.12.2016 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 Заңы 14 бабының 4) тармақшасына және халқының пікірін ескере отырып, Бозой ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Бозой ауылдық округінің атаусыз көшелеріне төмендегідей атаулар берілсін:

- 1) Жетес би көшесі;
- 2) Нұртуған шайыр көшесі;
- 3) Итесұлы Аманғали ахун көшесі;
- 4) Жылқаман батыр көшесі;
- 5) Аманкелді көшесі;
- 6) Жанқожа батыр көшесі;
- 7) Абай көшесі;
- 8) Махамбет Өтемісұлы көшесі;
- 9) Владимир Прохоренко көшесі;
- 10) Бозой көшесі;
- 11) Қоянқұлақ көшесі;
- 12) Қошқарата көшесі;
- 13) Наурыз көшесі;
- 14) Торайғыр көшесі;
- 15) Аққолқа көшелері деген атау берілсін.

2. Бозой ауылдық округіне келесі көшелерінің атаулары:

- 1) Гагарин көшесі – Мөңке би көшесі;
- 2) Южная көшесі – Тәуелсіздік көшесі;
- 3) 8-март көшесі – Бақыт Басығараев көшесі;
- 4) Ленин көшесі – Ұран Бақтыбай көшесі;
- 5) Юнная көшесі – Есет-Дәрібай көшесі;
- 6) Западная көшесі – Арал көшесі;
- 7) Восточная көшесі – Әйтеке би көшесі деп өзгертілсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Бозой ауылдық округі әкімі:

М. Оразалин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК